



Тренингтік бөлменің жабық болуы, топты қалыптастыру, кеңестік –уақытты ұйымдастыру қай принциптің талаптары?





Құрал таңдаудағы мақсаттың шешімдегі алғашқы қадам – бұл әдістемелік тәсілді таңдау. Жиі қолданылатын әдістер қатарына топтық пікірталастар, рөлдік ойындар, психодрама және оның өзгертулері, психигимнастика жатады.

Қандай да бір әдістемелік тәсілді, сондай-ақ осы тәсіл аясында нақты бір құралды таңдау төмендегі шарттармен айқындалады.

- Тренингтің мазмұнымен;
- Топтың ерекшелігімен;
- Жағдайдың ерекшеліктерімен;
- Жаттықтырушының мүмкіншіліктерімен.







Тренингтік әдістер туралы айтқанда, мұндағы әдістер шынайылықтың объектісіне емес, субъектіге бағытталады екенін ескеру керек. Мұндағы субъект индивидуалды және топтық деп 2 типке бөлінеді.



ҰБТ және стресс тренингтік сабақ





Іс жүзінде тренингте индивидуалды және топтық процестер бірігіп кетеді, сондықтан тренер 3 деңгейдегі жұмысты жүзеге асырады:

1. топта (жеке қатысушымен);
2. топпен (тұтас);
3. топ арқылы (топтың жеке қатысушыларымен жұмысы).







Тренингте көптеген оқиғалар айтылу керек, шешілу керек. Олай болмаса тренинг те болмайды.

Тренингте үнемі оқиғалар пайда болып отыру үшін оған тренер өз белсенділігін бағыттап отыру керек. Оқиға дегеніміз методологиялық тұрғыдан алғанда – бұл уақыт пен кеңістікте нақты қозғалыстың көрінуі.

Сонымен, тренингтік әдіс дегеніміз бұл қатысушылардың қозғалысын (белсенділігін) олардың өмірі мен өздерін өзгерту мақсатында кеңістік пен уақытта ұйымдастыру тәсілі.







**Назарларыңы
зға
РАҚМЕТ!!!**

